

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2024 жылғы « 14 » наурыздағы  
№ 186 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 15 ақпандағы  
№ 222 қаулысымен  
бекітілген

**Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат  
беру қағидалары**

1. Осы Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген және шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру тәртібін айқындайды.

2. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын іске асыру шеңберінде ғана Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Мемлекеттік құпияларды және олардың көздерін шет мемлекеттерге және (немесе) халықаралық ұйымдарға беру қағидаларында көзделген талаптарды сақтай отырып жіберіледі.

3. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беру үшін шет мемлекеттің халықаралық шартта айқындалған уәкілетті органы шетелдіктерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беретін мемлекеттік органның басшысына заңнамада белгіленген тәртіппен өтінішхат жібереді.

Өтінішхатқа шетелдіктің тиісті өкілеттіктерін растайтын және шетелдікте өз мемлекетінің құпиялылық деңгейіндегі құпия мәліметтеріне қол жеткізу құқығының бар екені туралы деректерді қамтитын куәлік қоса беріледі.

Азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат алуды талап ететін мемлекеттік органға жүгінеді.

4. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру жүзеге асырылатын мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысы нақты шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік

құпияларға рұқсат берудің мүмкіндігі мен орындылығын Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіседі. Келісу мерзімі жиырма жұмыс күнінен аспауға тиіс.

5. Нақты шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру мүмкін болмаған және ол орынсыз болған кезде келісуден бас тартылған жағдайда мемлекеттік органның басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен шет мемлекеттің уәкілетті органына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат беруге басқа адамдардың кандидатураларын ұсыну туралы хабарлама немесе азаматтығы жоқ адамға мемлекеттік құпияларға рұқсат беруден бас тарту туралы хабарлама жібереді.

6. Келісу оң болған кезде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының немесе ұйымның басшысы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру туралы бұйрық шығарады. Әкімшіліктің, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өзара міндеттемелері мемлекеттік құпияларға рұқсат беру туралы шартта көрсетіледі.

7. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға рұқсат беру туралы бұйрықта рұқсаттың қандай мерзімге берілгені, рұқсат қандай жұмыстарды орындау үшін берілетіні, шетелдік азамат пен азаматтығы жоқ адам қандай нақты мәліметтермен танысуға тиіс екендігі, танысу рұқсат етілген мәліметтердің құпиялылығының ең жоғары белгісі туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

8. Шетелдік пен азаматтығы жоқ адамға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру туралы бұйрықтың негізінде шетелдік пен азаматтығы жоқ адамға мемлекеттік құпияларға рұқсат беру жүзеге асырылатын мемлекеттік органның немесе ұйымның мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімшесінің (бұдан әрі – МҚҚБ) қызметкерлері немесе мемлекеттік құпиялармен жұмыс үшін жауапты қызметкері (ұйымда МҚҚБ болмаған жағдайда) шетелдік азаматқа және азаматтығы жоқ адамға құпиялылық режим талаптарын сақтау жөнінде нұсқама жүргізеді.

9. Нұсқама жүргізілгеннен кейін шетелдік пен азаматтығы жоқ адам өзіне рұқсат берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын жарияламау туралы жазбаша міндеттеме береді.

Жазбаша міндеттеме Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының немесе ұйымының мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімшесінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларымен жұмысты тоқтатқаннан кейін кемінде бес жыл сақталады.

10. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға нақты рұқсат беру туралы ақпарат әр нақты жағдайда рұқсат берілген кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына жіберіледі.

---